# Паспорт образовательной программы

**Дата регистрации в Реестре**
2022.07.20 17:59

**Регистрационный номер**
19287

**Дата обновления паспорта ОП**:
2022.07.20 17:59

**Код и наименование специальности**:
06120200 Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері

**Код и наименование квалификации/квалификаций**:
4S06120202 Ақпараттық қауіпсіздік технигі

**Регион**:
Алматы қ.

**Организация ТиППО (Разработчик)**:
« Алматы қ. Инновациялық техникалық колледжі» ЖШС

**Партнеры-разработчики**:
ШЖҚ РМК «Ақпараттық және есептеуіш технологиялар институты»

**Цель ОП**:
Өз бетімен ақпараттық жүйелер қауіпсіздігі у икемдейтін, криптография және ақпаратты қолдау әдістерін қолданатын; тиімді сақтау жүйелерін жобалай алатын мамандар даярлау

**Уровень по НРК**:
4

**Уровень по ОРК**:
4

**Профессиональный стандарт (при наличии)**:
" Жүйелік және желілік әкімшілендіру" "Атамекен" ҰКП 2017 жылғы 17 шілдедегі № 171 бұйрығына № 3-қосымша, "Ақпараттық инфрақұрылым және АТ қауіпсіздігін қамтамасыз ету " "Атамекен" ҰКП 2017 жылғы 24 желтоқсандағы №259 бұйрығына № 34-қосымша, "Ақпараттық қауіпсіздік " "Атамекен" ҰКП 2017 жылғы 17 шілдедегі № 171 бұйрығына № 7-қосымша, "Ақпараттық инфрақұрылым және АТ қауіпсіздігі бойынша кәсіби мамандар" "Атамекен" ҰКП 2018 жылғы 21 қарашадағы № 315 бұйрығына № 1-қосымша

**Профессиональный стандарт WorldSkills (при наличии)**:
WorldSkills (WSOS) «Cyber_ Security»,WorldSkills (WSOS) «Web Tehnologies»,WorldSkills (WSOS) «IT Network Systems Administration»

**Форма обучения**:
күндізгі

**База образования**:
негізгі орта білім

**Язык обучения**:
мемлекеттік

**Общий объем кредитов**:
240

**Дата рассмотрения ОП на методическом (учебно-методическом/научно-методическом) совете организации образования об одобрении паспорта ОП (выписка из протокола заседания) с согласованием работодателя и/или индустриального совета:**
22.04.2022 ж.

**Номер лицензии на занятие образовательной деятельностью**:
KZ82LAA00006485

**Номер приложения к лицензии на занятие образовательной деятельностью**:
002

**Дата прохождения специализированной аккредитации по данной специальности (при наличии):**
16.06.2020 ж.

**Отличительные особенности ОП**:
Жаңа мамандықтар атласы қолданылды. "Әмбебап ЖИ киберпротекторы" мамандығы - алгоритмдерді/қорғаныс жүйелерін және сыртқы әсерлерден- шешім қабылдау процесіне кері әсер ету мақсатында ЖИ-ды бұзуға, алдауға немесе жаңылыстыруға бағытталған киберқауіптерден қорғауды әзірлеумен және қызмет көрсетумен айналысатын тар бейінді маман -. Маман AI- ге кибершабуылдардың бағытын, әдісін және мазмұнын анықтауға, оларды дұрыс түсіндіруге және абстракциялауға көмектеседі.

**Сведения о содержании модулей/дисциплин**:

| № | Наименование модуля/дисциплины | Результаты обучения/Краткое описание дисциплины | Объем кредитов/часов |
|---|---|---|---|
| | ЖБП 1. Қазақ әдебиеті | Образдық және талдамалық ойлауды дамытуға, шығармашылық қиялдауға, оқырман мәдениеті және автор ұстанымын түсінуге; ауызша, жазбаша сөйлесімін дамытуға; әдебиет теориясының түсініктерін және негізгі тарихи-әдеби мәліметтерді, көркем шығарма мәтінінің мазмұны мен түрін бірлікте түсінуге бағытталған әдеби шығармалар | 3 |

| № | Наименование модуля/дисциплины | Результаты обучения/Краткое описание дисциплины | Объем кредитов/часов |
|---|---|---|---|
| | | оқытылады. Орыс тілі мен әдебиетін кіріктірілген оқыту негізінде тілдік дағдыларды жетілдіруге ықпал етеді, коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырады және дамытады, ғылыми-техникалық, көркем-эстетикалық, әлеуметтік салалардағы ақпаратты пайдалануға мүмкіндік береді, жалпы әлемдік білім беру кеңістігінде бағдарлануға көмектеседі. | |
| | ЖБП 2. Қазақ тілі | Стилистикалық ресурстар, сөйлеу этикеті мен әдеби тілдің негізгі талаптары, тілдің қызметі мен қолданылуының түрлі қарым-қатынас аялары мен жағдайлары оқытылады. Қазақ тілін ана тілі ретінде тани отырып, өмірлік қажеттіліктерінде коммуникативтік әрекеттер түрінде (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым) сауаттылықпен қолдану, күнделікті өзі еркін қолданып жүрген қарым - қатынас құралынан оны тілдік заңдылықтар негізінде танып - білу дағдыларын қалыптастырады. | 3 |
| | ЖБП 3. Орыс тілі және әдебиеті | Тілдің құрылымы, әдебиеттің дамуы, әдеби тіл нормаларын меңгеру деңгейін жетілдіре түсуге, сөздік қорды молайтуға және сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымын байытуға арналған әдеби шығармалар оқытылады. Орыс тілі мен әдебиетін кіріктірілген оқыту негізінде тілдік | 6 |

| № | Наименование модуля/дисциплины | Результаты обучения/Краткое описание дисциплины | Объем кредитов/часов |
|---|---|---|---|
| | | дағдыларды жетілдіруге ықпал етеді, коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырады және дамытады, ғылыми-техникалық, көркем-эстетикалық, әлеуметтік салалардағы ақпаратты пайдалануға мүмкіндік береді, жалпы әлемдік білім беру кеңістігінде бағдарлануға көмектеседі. | |
| | ЖБП 4. Шет тілі | Тілді ғылыми және кәсіби іс-әрекеттегі қарым-қатынас үшін тиімді пайдалануға, сонымен қатар жеке, іскерлік хаттарды жазу, түйіндеме құрастыру, берілген тақырып бойынша эссе жазу әдістері оқытылады. Білім берудің алдыңғы сатысында қол жеткізілген шет тілін меңгерудің бастапқы деңгейін арттырады, студенттердің тұрмыстық, мәдени, кәсіби және ғылыми қызметтің әртүрлі салаларындағы әлеуметтік-коммуникативтік міндеттерді шешу үшін қажетті және жеткілікті коммуникативтік құзыреттілік деңгейін меңгеруіне ықпал етеді. | 6 |
| | ЖБП 5. Қазақстан тарихы | Қазақстан тарихының этникалық, саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени негізгі мәселелері , Қазақстанның мәдени-тарихи дамуының ерекшеліктері мен мәні оқытылады. Қазақстанның түрлі тарихи кезеңдердегі этникалық, саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуының негізгі мәселелерін ұғынуына, оның әлемдік тарихи | 4 |

| № | Наименование модуля/дисциплины | Результаты обучения/Краткое описание дисциплины | Объем кредитов/часов |
|---|---|---|---|
| | | үдерістегі орны мен рөлін айқындауына; тарихи санасы, азаматтылығы мен патриотизмі бар тұлғаны қалыптастыруға ықпал етеді. | |
| | ЖБП 6. Өзін-өзі тану | Жалпыадамзаттық құндылықтар; отбасындағы, ұжымдағы, қоғамдағы рөлдер, қоғамға қызмет ету дағдылары оқытылады. | 2 |
| | ЖБП 7. Математика | Байланысты пәндерді оқу, практикалық іс-әрекетте қолдану үшін қажетті математикалық білімді қалыптастырады. Мектептегі математика курсының тақырыптарын қамтитын математиканың негізгі бөлімдері "Сан", "Алгебра", "Статистика және ықтималдық теориясы", "Математикалық модельдеу және анализ", "Геометрия" оқытылады. | 6 |
| | ЖБП 8. Информатика | Компьютерлік технологиялар арқылы ақпараттық процестерді іске асыру, компьютерлік жүйелер және модельдермен жұмыс атқару, ақпаратты сақтау әдістерін зерделеу, интерактивті компьютерлік модельдерді пайдалана отырып модельдеу, визуализациялау және формализациялау үшін тәсілдерді қарастыруды болжау оқытылады. Аппараттық және бағдарламалық қамтамасыз ету, деректерді ұсыну, ақпараттық процестер мен жүйелер, ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру, компьютерлік желілер және ақпараттық қауіпсіздік саласындағы білімді, икемдер мен дағдыларды | 6 |

| № | Наименование модуля/дисциплины | Результаты обучения/Краткое описание дисциплины | Объем кредитов/часов |
|---|---|---|---|
| | | қалыптастырады. | |
| | ЖБП 9. Алғашқы әскери және технологиялық дайындық | Іскери іс негіздері, ҚР Қарулы Күштерінің қатарында қызмет ету, әскери ант және әскери жарғылар мазмұнына қойылатын талаптар оқытылады. Мемлекет қорғанысының негіздері, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің тағайындалуы, олардың сипаты мен ерекшеліктері туралы түсініктерді қалыптастырады, әскери қызметке саналы көзқарасты тәрбиелейді, төтенше жағдайларда адамның тіршілік әрекеті қауіпсіздігінің дағдыларын қалыптастырады. | 4 |
| | ЖБП 10. Дене  тәрбиесі | Қимыл-қозғалыс белсенділігінің, спорттық дайындық заңдылықтары оқытылады; дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық-сауықтыру іс-әрекеттерінің дербес және ұжымдық түрлерінің құзыреттілігі дамиды. Жалпыадамзаттық мәдениет саласында белсенді шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыруға дайын тұлғаны қалыптастыруға, оқушылардың дене және психикалық денсаулығын нығайтуға деген ынтасын арттыруға, спорттық-ерекше қимыл дағдыларын алуға және дене қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. | 5 |
| | ЖБП 11. Физика | Механика, жылу физикасы, электр және магнит, оптика және атом физикасының заңдылықтары тереңдетіліп оқытылады. Ғылыми дүниетанымның негіздерін, | 5 |

| № | Наименование модуля/дисциплины | Результаты обучения/Краткое описание дисциплины | Объем кредитов/часов |
|---|---|---|---|
| | | әлемнің жаратылыстану бейнесін тұтас қабылдауды, табиғат құбылыстарын байқау, талдау және бекіту қабілетін қалыптастыруға ықпал етеді, әлемнің қазіргі физикалық бейнесінің негізін құрайтын іргелі физикалық заңдар мен принциптер туралы білімді, табиғатты ғылыми тану әдістерін дамытуға ықпал етеді. | |
| | ЖБП 12. Химия | Химиялық заттардың көптүрлілігінің маңыздылығы және олардың басқа затқа айналуы оқытылады, табиғи ресурстарды ұқыппен қолдану дамиды. Заттар мен олардың өзгерістері, заңдар мен теориялар туралы білім жүйесін қалыптастырады, заттар қасиеттерінің олардың құрамы мен құрылымына тәуелділігін түсіндіреді, химиялық процестерді, заңдар мен олардың заңдылықтарын түсінеді. | 3 |
| | ЖБП 13. География | Табиғаттың, халықтың, геосаясат пен экономиканың даму заңдылықтары, табиғи, әлеуметтік, экономикалық және саяси процестер оқытылады. Географиялық кеңістіктің барлық деңгейлерінде туындайтын геоэкологиялық, экономикалық, әлеуметтік, геосаяси және жаһандық проблемаларды шешуге бағытталған білімді, іскерлікті және дағдыларды қалыптастырады. | 2 |
| | ЖБП 14. Дүниежүзі тарихы | Адамзаттық өркениеттің этногенез, политогенез, культурогенез негізгі мәселелері | 2 |

| № | Наименование модуля/дисциплины | Результаты обучения/Краткое описание дисциплины | Объем кредитов/часов |
|---|---|---|---|
| | | оқытылады. Түрлі тарихи кезеңдерде әлем тарихының этникалық, саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуының негізгі мәселелерін ұғыну арқылы тұлғаның тарихи санасын қалыптастырады. Түрлі тарихи кезеңдерде әлем тарихының этникалық, саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуының негізгі мәселелерін ұғыну арқылы тұлғаның тарихи санасын қалыптастырады. | |
| | БМ 1. Дене қасиеттерін дамыту және жетілдіру | ОН 1.1. Денсаулықты нығайту және салауатты өмір салты қағидаттарын сақтау. | 3 |
| | | ОН 1.2. Дене қасиеттері мен психофизиологиялық қабілеттерді жетілдіру. | 2 |
| | БМ 2. Ақпараттық-коммуникациялық және цифрлық технологияларды қолдану | ОН 2.1. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негіздерін меңгеру. | 2 |
| | | ОН 2.2. Ақпараттық-анықтамалық және интерактивті веб-порталдардың қызметтерін пайдалану. | 1 |
| | БМ 3.Экономиканың базалық білімін және кәсіпкерлік негіздерін қолдану | ОН 3.1. Экономикалық теория саласындағы негізгі мәселелерді меңгеру. | 1 |
| | | ОН 3.2. Кәсіпорында болып жатқан экономикалық процестерді талдау және бағалау. | 1 |
| | | ОН 3.3. Әлемдік экономиканың даму үрдістерін, мемлекеттің «жасыл» экономикаға көшуінің негізгі міндеттерін түсіну. | 1 |
| | | ОН 3.4. Қазақстан | 1 |

| № | Наименование модуля/дисциплины | Результаты обучения/Краткое описание дисциплины | Объем кредитов/часов |
|---|---|---|---|
| | | Республикасында кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру мен жүргізудің ғылыми және заңнамалық негіздерін меңгеру. | |
| | | ОН 3.5. Іскерлік қарым-қатынас этикасын сақтау. | 1 |
| | БМ 4. Қоғам мен еңбек ұжымында әлеуметтену және бейімделу үшін әлеуметтік ғылымдар негіздерін қолдану | ОН 4.1. Төзімді және белсенді жеке ұстанымды қалыптастыратын моральдық-адамгершілік құндылықтар мен нормаларды түсіну. | 1 |
| | | ОН 4.2. Әлемдік өркениеттегі Қазақстан Республикасы халықтары мәдениетінің рөлі мен орнын түсіну. | 1 |
| | | ОН 4.3. Құқықтың негізгі салалары туралы мәліметтерді меңгеру. | 1 |
| | | ОН 4.4. Әлеуметтану мен саясаттанудың негізгі түсініктерін меңгеру. | 1 |
| | КМ 1. Ақпараттық жүйелердің қауіпсіздігін орнату мен баптауды орындау | ОН 1.1. Компьютерлік технологияның бағдарламалық жасақтамасын ұйымдастыру және жұмыс істеу қағидаларын қолдану. | 2 |
| | | ОН 1.2. Аппараттық компоненттермен операциялық жүйенің өзара әрекеттесу үшін жүйелік деректерін анықтау. | 6 |
| | | ОН 1.3. Ақпаратты қорғаудың негізгі әдістерін қолдану. | 5 |
| | | ОН 1.4. Ақпараттық жүйенің қауіпсіздігін қамтамасыз ету құралдарын басқару. | 6 |
| | КМ 2. Корпоративтік ақпараттық жүйелердің қауіпсіздігін баптау | ОН 2.1. Корпоративтік ақпараттық жүйелерді ұйымдастыру және ақпараттық қауіпсіздік қағидаларын қолдану. | 6 |
| | | ОН 2.2. Динамикалық маршруттау протоколының | 10 |

| № | Наименование модуля/дисциплины | Результаты обучения/Краткое описание дисциплины | Объем кредитов/часов |
|---|---|---|---|
| | | серверін, домендік атауларды шешу қызметін, веб-серверді, интернет шлюзін баптау. | |
| | | ОН 2.3. Қашықтан қатынау қызметін, веб-қызметтерді, деректерді сақтау қызметтерін, қауіпсіздік параметрлерін және аутентификация, сертификаттау қызметтерін баптау. | 6 |
| | | ОН 2.4. Ақпараттық инфрақұрылымды қорғауды қамтамасыз ету. | 10 |
| | КМ 3. Бағдарламалау тілін қолдана отырып, деректерді сақтаудың, өңдеудің және қорғаудың тиімді жүйелерін жобалау | ОН 3.1. Құрылымдық бағдарламалау әдістерін қолдану. | 2 |
| | | ОН 3.2. Деректерді сақтау, өңдеу және қорғау үшін тиімді жүйелерді қолдану. | 2 |
| | | ОН 3.3. Мәліметтер базасын басқару жүйесін жобалау. | 2 |
| | | ОН 3.4. Нысанға бағытталған бағдарламалау негіздерін қолдана отырып қосымшалар жасау. | 6 |
| | | ОН 3.5. Веб-ресурстарды құру және өңдеу. | 21 |
| | КМ 4. Криптографиялық әдістер мен ақпаратты қорғау құралдарын қолдану | ОН 4.1 Ақпаратты қорғауда криптографиялық қорғау құралдарын қолдану қажеттілігін анықтау және негіздеу. | 4 |
| | | ОН 4.2 Ақпаратты басқарушы ұйымның қажеттіліктерін қанағаттандыратын ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын қолдану. | 6 |
| | | ОН 4.3. Криптографиялық ақпарат құралдарын пайдалануды ұйымдастыру. | 6 |
| | | ОН 4.4. Қажетті | 2 |

| № | Наименование модуля/дисциплины | Результаты обучения/Краткое описание дисциплины | Объем кредитов/часов |
|---|---|---|---|
| | | ұйымдастырушылық және әкімшілік құжаттарды әзірлеу. | |
| | | ОН 4.5. Шифрлау (криптографиялық) құралдарын пайдалану. | 8 |
| | | ОН 4.6. Ақпараттық ресурстарға шабуыл жасау және қорғау әдістерін модельдеу. | 6 |
| | КМ 5. Ақпаратты қорғаудың және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің бағдарламалық-аппараттық құралдарының жұмысқа қабілеттілігін әкімшілендіру және қолдау | ОН 5.1. Қауіпсіздік тетіктерін басқару. | 3 |
| | | ОН 5.2. Ақпараттық қауіпсіздік инциденттеріне әрекет ету. | 3 |
| | | ОН 5.3. Ұйымның ақпараттық қауіпсіздігін басқару және қамтамасыз ету үрдісін жоспарлау | 3 |
| | | ОН 5.4. Ұйымның ақпараттық қауіпсіздігін басқару және қамтамасыз ету үрдісін бақылау. | 6 |
| | | ОН 5.5. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің аппараттық - бағдарламалық құралдарын тестілеу (байқаудан өткізу). | 10 |
| | | ОН 5.6. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің аппараттық - бағдарламалық құралдарының жұмысқа қабілеттілігін қалпына келтіру. | 10 |
| | | ОН 5.7. Қауіпсіздікті талдау, ақпараттық жүйенің қауіпсіз конфигурацияларын жобалау. және құру, оқиғаларды зерттеу. | 6 |
| | Аралық, қорытынды аттестаттау | - | 9 |